

**БЕКІТЕМІН**

«Алматы облысының білім басқармасы» ММ  
«Облыстық білім беруді дамыту оқу-  
әдістемелік  
орталығы» КММ директоры



А.Қабдулова

» қазан 2020 ж.

**Жалпы орта білім беру мекемелерінің жас мамандарына арналған  
облыстық «Педагогикалық дебют» байқауын ұйымдастыру және өткізу  
Ережесі**

**I. Жалпы ережелер**

- 1.1. Осы Ереже «Педагогикалық дебют» атты облыстық байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.
- 1.2. Бұл байқау жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әулеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге жас мамандардың кәсіби көзқарасын қалыптастыру **мақсатында** ұйымдастырылады.

**II. Байқау талаптары**

Байқауга жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогикалық (еңбек өтілі 1-2 жылдан кем емес) жас мамандар қатысады.

**III. Конкурстың мазмұны және кезеңдері****3.1. Байқауга қатысушылар**

- Аудандық, қалалық «Педагогикалық дебют» байқауының жүлдегерлері.
- Байқауга еркін турде қатысады.

**3.2. Байқауды өткізуді ұйымдастыру**

Байқауды өткізудің мынандай кезеңдері белгіленеді:

- Бірінші кезең - аудандық, қалалық кезеңі онлайн режимінде 2020 жылдың жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.
- Екінші кезең - облыстық «Педагогикалық дебют» байқауы онлайн режимінде **2020 жылдың 27 қарашасында** өтеді.

3.3. Үміткер облыстық конкурстың ұйымдастыру комитетіне **2020 жылдың 20 қарашасына дейін** электронды нұсқада Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының эл. поштасына [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) жібереді.

- Аудандық (қалалық) білім бөлімінің ұсынысы;
- «ELARNA», «БАЛАПАН» телеарналарында жүргізіліп жатқан телесабактар нұсқасында жасалған сабак, ұзақтығы - 10 минут;
- педагогикалық ерекшеліктерінің тұсаукесерінің бейнеролигі (5 минутқа дейін).

Анықтама: 87773638996 (*Торпакова Арай Амирбековна*)

Байланыс телефондар: 8/7282/401334

#### **IV. Байқаудың кезеңдері**

**1 тур:** Педагогикалық ерекшеліктерінің тұсауқесері «Мен сияқты жаса...», «Делай как я...» бейнеролигі ( 5 минутқа дейін).

##### **Бағалау критерийі:**

###### **Педагогикалық шеберлік**

- жас маманың шығармашылық жұмысты ұсынуда дайындық деңгейі;
- өз көсіби қызметіне сараптама жасай білуі;
- АҚТ пайдалану;
- ой нақтылығы және түсінікті жеткізілуі;
- ой өрісінің қеңдігі, логикасы;

###### **Бейнероликтің техникалық талаптары:**

- дыбыс анық (бөгде дыбыссыз), дыбыс деңгейі бойынша біркелкі;
- видеоқатар – экран ауданының 75-100%.
- рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- бір файлдың өлшемі - 200 Mb артық емес;
- бейнежазбаның ұзақтығы - 5 минуттан аспайды.

**2 тур:** Сабак, ұзақтығы - 10 минут;

- «ELARNA», «БАЛАПАН» телеарналарында жүргізіліп жатқан телесабактар нұсқасында жасалған сабак, ұзақтығы: 10 минут. Бағалау балдық жүйемен бағаланады.

##### **Бағалау критерийі:**

###### **Жалпы талап**

- МЖМБС-га және оқу бағдарламаларына сәйкес болу;
- дидактикалық қағидаларды іске асыру;
- телевизиялық, акпараттық-коммуникативтік және мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану;
- оқыту мақсатын тұжырымдау;
- жаңа оқу материалын түсіндіру, сұрақ қою;
- сараланған оқу тапсырмалары;
- қорытынды бөлім: қорытындылар, кері байланыс.
- сабакты ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолдану (ішінара-іздеу, эвристикалық, зерттеу, жоба жұмыстары, зерттеу, чаттарда, әлеуметтік желілерде талқылау, пошта арқылы хат алмасу).

###### **Сабак дизайны**

- тұс фонды тұрақты – тұс гаммасына жақын ұш тұстен;
- экрандағы мәтін қысқа да нұсқа, анық, шамадан тыс жүктелмеген;
- дыбыс анық (бөгде дыбыссыз), дыбыс деңгейі бойынша біркелкі;
- видеоқатар – экран ауданының 75-100%.

###### **Техникалық талаптар**

Электрондық білім беру ресурстары:

Бейнежазбалар форматы мен пішімі:

- рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- бір файлдың өлшемі-200 Mb артық емес;
- бейнежазбаның ұзақтығы-10 минуттан аспайды.

## **V. Ұйымдастыру комитеті**

Байқауды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Оның мүшелері байқаудың өту тәртібін, нысанын, өтетін күнін анықтайды. Байқауга қатысушылардың тізімін бекітеді.

## **VI. Байқауды қорытындылау**

- 6.1. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.
- 6.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыстық әдістемелік кабинеттің I, II, III дәрежелі дипломдарымен және номинациялармен («Шығармашыл ұстаз», «Ізденимпаз ұстаз», «Креативті ұстаз») марапатталады.

## **Ұйымдастыру комитеті**

*I-қосынша*

### **Жалпы орта білім беру мекемелерінің жас мамандарға арналған «Педагогикалық дебют-2020» облыстық байқауга қатысуға сұраныс**

Байқауга қатысушының тегі, аты-жөні, әкісінің аты

---

Байқауга қатысушының жұмыс орны

---

Тұылған күні, айы, жылы

---

Лауазымы (мамандығын толық көрсету), кай жылдан бастап осы мамандық бойынша жұмыс жасайды

---

Педагогикалық жалпы еңбек өтілі

---

Аталған мекемедегі педагогикалық еңбек өтілі

---

Соңғы екі жылдағы жетістіктері